

Тәрбие жұмысының 2022–2023оқу жылындағы атқарылған жұмысының есебі.

Көсембай негізгі мектебінің 2022-2023оқу жылында 8-сыныпта 7-оқушы. Оның 2-і ер бала, 5-і қыз бала. Үздік-2. Екпінді-2. Оқушылардың тәрбиесі өте жақсы. 8-сынып бойынша тәрбие сағаттары толық өтілді. Барлығы-34сағат.

Көсембай негізгі мектебінің тәрбие жұмысының жылдық жоспары бұйрыққа сай бекітіліп, тәрбие жұмыстары өткізілді.

Тәрбие жұмысын жүзеге асыру мақсатында 8 бағыты бойынша атап айтсақ.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Аталған бағыттар бойынша жоспарға сай төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жанжақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды

Білім беру ұйымында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру,

Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары, облыстық білім департаменті, аудандық білім бөлімінің нұсқаулары, еңбек заңдылықтары мен нормативтік құқықтық актілері, мектеп ережесі мен жарғысы басшылыққа алынды.

Жыл басында тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер сынып жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кенінен жоспарланды. Мектеп әкімшілігімен «Мектепке жол» акция аясында бірлесіп атқаратын жұмыстардың көлемі бекітілді. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары бірлесіп жасалды.

«1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне арналған мектепте «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында 8-сынып оқушыларына арналып тәрбие сағаттары өткізілді.

5 -қыркүйек күні еліміздің елеулі мерекелерінің бірі - Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні.

Осыдан тура 24 жыл бұрын - 1989 жылы 22 қыркүйек күні "Тіл туралы" заң қабылданған болатын. Бұл заңда Қазақ ССР-нің мемлекеттік тілі қазақ тілі, ал орыс тілі — ұлтаралық тіл деп бекітілген еді. Бір қуантарлығы айтулы мерекелердің арасында Қазақстан Халқы тілдері күні 5 қыркүйекте тойланатын болды. Айта кету керек, Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгіленуінің де өзіндік себебі бар. Бұл күн - "Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы - тіл" деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.



Ұстаз – әлемдегі ең қызықты әрі ең қиын мамандық. Осынау Ұстаздар күніне орай мектебімізде «Ұстаз – ұлы қызмет» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шара барысында кішкентай бүлдіршіндер ұстаздарға арналған өлең шумақтарын айтып, би билеп, ән шырқап өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар 5-9- сынып оқушылары Ұстаздар күніне арналған газеттер шығарып, ұстаздар қауымын мерекелерімен құттықтап жылы лебіздерін білдірді.

Оқушылар белсенділікпен қатысып, Бақыт 2-орын алды.

Мектебімізде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектепшілік «Табиғаттың сыйлықтары» атты күзгі көрме ұйымдастырылды. Көрмеге барлық 1-8 сынып оқушылары әр түрлі жұмыстарын қойып, күздің кереметін көрсетуге ат салысты. 1-8 сынып "Күз-молшылық мезгілі" атауына сай көкөніс пен жемістерден әр түрлі бұйымдар жасады 2-9- сыныптарда «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жайында Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын алу жөніндегі заңнаманы қалыптастыру және дамыту жұмысы қолға алынған. Баланың келешегіне кері әсер ететін жағдайларды айтпағанда, олардың ата-анасынан айыруға жол бермейтін ұлттық бағдарлама жасаудың және оны іс жүзіне асыру қажеттігінің мәні зор.



«Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» он күндік іс-шара жоспары негізінде 8-сыныпта «Құқықбұзушылық және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты өтілді.



«Бала құқығы адам құқығы» он күндік іс-шара жоспары негізінде, мектеп психологі Ш.Рима оқушылармен мектеп медбикесімен кездесу ұйымдастырды.



Сонымен қатар Республика күніне арналған бірыңғай тәрбие сағаттары өтілді және де «Қазақстан еліне виртуалды экскурсия» тақырыбы бойынша онлайн саяхат жасады.



«Адал өмір сүру абзал қасиет» тақырыбы бойынша адалдық тәрбие сағаты өтілді.



Мектебімізде қосымша 27-қазан күні «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» сурет байқауы өтті.





Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында инспектормен және де ата-аналармен кездесулер болды. Сонымен қатар «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.



«Бала құқығы адам құқығы» он күндік іс-шара жоспары негізінде, тарих пәнінің мұғалімі: Керей Айнагүл апай «Сенің құқықтарың мен міндеттерің» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізді.

Тәуелсіздік күніне орай 1-9-сыныптар арасында «Тәуелсіздік мәңгілік елдің тағдыры» сынып сағаттары өтілді. Іс-шараның мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік жолындағы және желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың ерлігін өскелең ұрпақтың бойына сіңіру, тәуелсіздіктің елімізге қандай қиындықпен келгенін түсіндіру, оқушылардың туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімдерін ояту. Шыншылдыққа тәрбиелеу, Еліміздің келешегінің кемелді де келісті болуына ат салысатын өскелең ұрпақты Отанын сүйуге тәрбиелеу.

Педагог-ұйымдастырушы С.Тәждәуов «Жас Ұлан» «Жас Қыран» қатарына оқушыларды қабылдады. «Тәуелсіздік – ел ірегі» эссе байқауы 7-8 сыныптар арасында өтілді.



«Менің елім-Қазақстан» патриоттық әндер байқауын 5-9 сынып оқушылары арасында өтiлдi. Жeнiмпаздар I II III орындармен марапатталды.

16 желтоқсан – Тәуелсiздiк күнi! Атты тақырыбында сурет салудан оқушылар арасында байқау өтiлдi. Ең үздiк деп табылған суреттердi ауданға жiбердiк. Осы аталған iс-шаралардың барлығы әлеуметтік желелерге салынды. Оқушыларымыз «Бiр ел, бiр тағдыр», «Болашаққа бастар жол», «Сын сағат», «Ұйымдасқан ұтады», «Елдiктiң бастауы» атты деректi фильмдердi көрдi.

II. Рухани- адамгершiлiк тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмiрiнiң жалпы азаматтық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрiмен келiсiлген рухани-адамгершiлiк және этикалық қағидаларын оның қасиеттерi мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы «Рухани жаңғыру құндылықтары негiздерiнiң оның iшiнде құндылықтарға негiзделген бiлiм беру «қоғамға қызмет» жобасын iске асыру арқылы терен түсiнiгiн қалыптастыру» Оқушыларды рухани-адамгершiлiкке тәрбиелеу

Қазақстан Республикасының халықаралық Отбасы мерекесiне орай мектебiмiзде «Отбасы – бақыт мекенi» тақырыбында сурет салу, эссе байқаулары өттi. Сынып сағаттары 8-9 сыныптар арасында өткiзiлдi. «Мен және отбасым» бейне роликтер байқауы ұйымдастырылды.



1-мамыр Қазақстан Халықтарының бiрлiгi күнiне орай эссе байқауы өтiлдi. Оқушылар марапатталды.



9 мамыр «Ұлы Жеңiс» күнiне қарсаңында өткiзiлетiн iс-шаралар мамыр айынан жоспарланып, мектеп директорымен бекiтiлдi. Жоспарланған барлық iс- шаралар толық атқарылды және өз нәтижелерiн көрсете

«Билді. «Ешкімде ұмыт қалмайды. Ешкімде ұмытылмайды» тақырыбында мектеп кітапханасында көрмелері ұйымдастырылды. Әрбір сынып жетекшілері «Ұлы Жеңіске 76 жыл» арнап 1-9 сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты: Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы Жеңіс туралы мағлұмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, соғыстан оралған, қазіргі кезде арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерлігін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.



«Бірлігіміз жарасқан» тақырыбы бойынша 1-9-сынып оқушылары арасында тәрбие сағаттары өтті.

III. Ұлттық тәрбие.

Мақсаты: Жеке тұлғаны жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық құрмет көрсетуге бағыттау.

Осы бағыт бойынша қарттар күніне арналған Бастауыш сыныптарда «Қарттарым аман-сау жүрші!», «Қарттарым асыл қазынам» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Ал жоғары сыныптарда «Көп жасаған қария-ақылы теңіз дария», «Қарттарым асыл қазынам», «Қарттарым - ауыл тірегі», «Асыл қария ағып жатқан дария» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтілді.



IV. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналар жиналысының мақсатты: Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында жаңа 2021 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері туралы ата-аналарды (балалардың заңды өкілдерін) хабардар ету.




«Қыз еркем, бұрымымен көркем» іс –шарасы ұйымдастырылды. Іс-шараға 5-8 сынып қыздары қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Педагог ұйымдастырушы С.Тәждауов «Алғыс айту күнінің шығу тарихы» тақырыбында 1-9 сыныптар арасында таныстырылым жасады. Мектеп психологы Р.Шүтенова және әлеум. педагог М.Сисенов «Алғыс білдіру» тақтасын ұйымдастырды. Оқушылар өз тілектерін білдіріп алғыстарын айтты. 1-9 сынып оқушыларына «Алғыс айтудың шексіздіктері» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «Алғыс бата ал» қарт адамдарға көмектесу мақсатында мектебіміздің 7-9- сынып оқушылары қарт ата, аналарымыздың қарын күреп көмек қолдарын сөзді.



«Алғыс айтып үйренейік» тақырыбы бойынша жоғары кластар арасында челендж ұйымдастырылды.

8-сынып оқушылары 8 наурыз «Халықаралық аналар мерекесіне» арналған жүрек жарды құттықтауларын арнады.



14-наурыз «Керісу күніне» орай «Армысың, Әз Наурыз» тақырыбы бойынша тәрбие сағаты өтілді.

V.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие .

Мақсаты: Қыркүйек айында WhatsarApp желісі арқылы Мектепте өрт кезіндегі эвакуация ережесімен ТДЖО және тәлімгердің және де денетәрбиесі пәнінің мұғалімі А.Габдуллин таныстырып өтті. Өрт шыққан жағдайда дереу 101 телефоны бойынша өрт сөндірушілер мен құтқарушыларды шақыратындығы туралы айтты. 112 нөміріне қоңырау шалу тіпті SIM-карта болмаған жағдайда да ұялы телефоннан мүмкін екендігі және нақты мекен-жайы мен қабатын көрсету және мүмкіндігінше бір адам оларды қарсы алу қажеттігі жайлы ескертіп кетті



Тағы да басқа ережелермен барлық сынып оқушылары таныстырылды. Оқушының өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. 5-8-сынып оқушылары арасында «Алтын күз» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: Табиғат көркіне сүйіспеншілікке әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. 8-сынып оқушылары І-орын иеленді. «Күз кереметтері» сурет байқауы 2-8 сыныптар арасында ұйымдастырылды



VI. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Оқушылардың күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейте түсу, күзді басқа жыл мезгілдерімен салыстыра отырып, айырмашылығын ажырата білу. Оқушыларға күзгі табиғаттағы ерекшеліктері туралы түсінік беру. Күз байлықтары: астық, көкөніс, жеміс-жидектер туралы білімдерін кеңейту. Алтын күздің адамға берер пайдасын түсіндіру және табиғатты сұюуте тәрбиелеу мақсатында 5-8 сыныптар арасында «Күз кереметтері» сурет байқауы онлайн арқылы өткізілді. 5-8-сыныптар арасында «Алтын күз» байқауы өтті. «Күз кереметтері» сурет байқауы өтті. Оқушылар 1,2,3-орындарға ие болды. Instagram желісіне салынды. Барлық сыныптар белсенді қатысты.

Күзгі каникулда оқушыларға әртүрлі қосымша жұмыс жоспарлары құрылып, сыныптан тыс жұмыстар өткізілді.

№	Тақырыбы	Уақыты	Жауапты
1	«Күз кереметі» сурет салу	03.11.22ж.	Абдиганиева Н.
2	«Дарынды балалар – ел болашағы» интеллектуалдық сайыс	04.11.22ж.	Сисенов М.
3	«Кітапханаға саяхат»	05.11.22ж.	Абдиганиева Н.



👍👍👍 Нәтижесі 29.kunduz и еңді 16
 kosembai2024 Күзгі демалыс кезінде 8-сынып оқушылары ауылдық аймақтарына жетіп тұрған жана жеткендер тегін балалармен таныстырып @osyl_bilim_bolimi #күзгідемалыс #оқушытармен кездесу



👍👍👍 Нәтижесі 79.kunduz и еңді 23
 kosembai2024 "Күзгі демалыс-2022" еркін форматта сурет салу @osyl_bilim_bolimi #күзгідемалыс

👍👍👍 Нәтижесі 79.kunduz и еңді 23
 kosembai2024 "Күзгі демалыс-2022" еркін форматта сурет салу @osyl_bilim_bolimi #күзгідемалыс



👍👍👍 Нәтижесі almatyquy.zem и еңді 27
 kosembai2024 Көпбалалы отбасы мүшелеріне "Денсаулық қалыптастыру бағдарламасы" аясындағы "Ақыл-ой қабілетін дағдыландыру" бағдарламасын ұсынып отырмыз. Бағдарламаның мақсаты - балалардың ақыл-ой қабілетін дағдыландыру, олардың денсаулығын нығайту, олардың өмірлік дағдыларын қалыптастыру. @osyl_bilim_bolimi #almatyquy.zem

👍👍👍 Нәтижесі almatyquy.zem и еңді 27
 kosembai2024 Көпбалалы отбасы мүшелеріне "Денсаулық қалыптастыру бағдарламасы" аясындағы "Ақыл-ой қабілетін дағдыландыру" бағдарламасын ұсынып отырмыз. Бағдарламаның мақсаты - балалардың ақыл-ой қабілетін дағдыландыру, олардың денсаулығын нығайту, олардың өмірлік дағдыларын қалыптастыру. @osyl_bilim_bolimi #almatyquy.zem



👍👍👍 Нәтижесі almatyquy.zem и еңді 24
 kosembai2024 Біздің балаларымыз ақыл-ой қабілетін дағдыландыру бағдарламасын ұсынып отырмыз. Бағдарламаның мақсаты - балалардың ақыл-ой қабілетін дағдыландыру, олардың денсаулығын нығайту, олардың өмірлік дағдыларын қалыптастыру. @osyl_bilim_bolimi #almatyquy.zem

VII. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту.

VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір ағымына сай тәрбиелеу. Санитарлық – гигиеналық талаптарын сақтауға дағдыландыру. Адам ағзасын улайтын арақ, темекінің зиянын салыстыра насихаттау, күресу.

Келесі сөз дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Габдуллин А. «Денсаулық күні» фестивалінің өту ретімен таныстырып өтті. Оқушылар жаттығулар жасады. Денсаулық күніне 1-8 сынып оқушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Үндардың арасында қашықтыққа жүгіріп, орындармен марапатталды.

5-8-сыныптар арасында қосымша іс-шаралар мен сыныптан тыс жұмыстар өтілді.

«Өмір қымбатсың сен маған» тақырыбы бойынша мектебіміздің психологі Ш.Рима апай қыз балдармен жұмыстар өткізді.



Қыз балалармен жұмыс жоспары негізінде кітапханашы Қ.Бұлбұл апай «Қазақстанның және әлемге әйгілі әйелдер» тақырыбында көрме ұйымдастырып, таныстырды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, 8-сыныпта «кел, бірге оқық» тақырыбы бойынша сыныптан тыс жұмыс өтілді. Оқушылар Л. М.Олкоттың шығармасы «кішкентай ханымдар» романынан үзінді қойды.



«Кибербуллинг деген не?» оны қалай түсінеміз? тақырыбы бойынша сынып сағаты өтілді.



Буллинг және кибербуллинг алдын алу мақсатында ата-аналармен түсінік жұмыстары жүргізілді.

Жаратылыстану пәндер бірлестігінің апталығына қатысты. Қосымша жұмыстарға белсенділікпен қатысып, марапаттарға ие болды.



«Бүгінгі болашақ-ертеңгі маман» деген тақырыпта, студенттермен кездесу болды.

K
1
2
3
4
5



Қосымша сыныптан тыс жұмыстардың бірі: «Бақытты ана-бақытты бала-бақытты ел» тақырыбы бойынша 5-9-сыныптар арасында эссе байқауы өтті. Үздік жазған оқушылар марапатталды.

Мектеп жанындағы лагерьге өте белсенділікпен қатысты.



2022-2023 оқу жылының қорытынды ата-аналар жиналысы өтілді. Оқушылардың тәртібі, сабақ үлгерімдері айтылды. Сонымен қатар, оқушылардың біржылғы жетістіктері көрсетілді.

Б.Бақыт Ғ.Сұлтанов атындағы математика пәнінен аудандық олимпиадасына қатысып 3-орын иеленді.

С.Назерке «Респ-қ балалар оқуы» байқауының обл-қ кезеңінде «Білімді оқырман» номинацияға ие болды.



Келесі 2023 оқу жылына қойылатын мақсаттар:

- 1) Мектепте мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық ортаның қалыптасуы
- 2) Негізгі 8 бағыт бойынша жұмыстардың толық қамтылып, ұйымдастырылуы
- 3) Барлық іс-шаралардың мәліметтері әлеуметтік желілерге уақытылы жүктелуі
- 4) Сынып сағаттарының кесте бойынша уақытылы өткізілуі
- 5) Іс-шаралардың материалдық базаларының жинақталуы